

## **Қазақстан Республикасы Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы Ережеге өзгерту енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1995 жылғы 5 қазандағы N 2492

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 желтоқсандағы N 1979 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы Ереженің (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 46, 194-құжат; ПҰАЖ, 1995 ж., N 13, 151-құжат) 2-тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кеңесші-консультативтік орган болып табылады және оны Төраға басқарады. Кеңес төрағасының екі орынбасары болады."

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті